

Бір жолғы талондар құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2009 жылғы 17 ақпандағы N 16/95 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 12 наурызда N 14-5-72 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 9/48 Шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2012.12.21 № 9/48 Шешімімен.

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2011.09.27 N 47/276 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 10 желтоқсан 2008 жылғы N 100-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабының 1 тармағының 1 тармақшасына және 6 тармақтарына сәйкес а у д а н д ы қ м ә с л и х а т Ш Е Ш Т І :

1. Біржолғы талон негізінде кәсіпкерлік жасаушы Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға кәсіпкерлік қызмет түрлері бойынша бір жолғы талондар құныны осы шешімнің 1 қосымшасына сай б е к і т і л с і н .

Ескерту. Шешімнің бірінші тармағындағы "жеке тұлғаларға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға" деген сөздермен ауыстырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2011.09.27 N 47/276 Шешімімен.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы:

О.Мыңғышев

Мәслихат хатшысы:

Т.Дүйсенбеков

Бәйдібек аудандық мәслихатының
2009 жылғы 17 ақпандағы N 16/95
шешімімен бекітілген 1 қосымша

**Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын Қазақстан Республикасының
азаматтары мен оралмандар
үшін біржолғы талондар құнының мөлшері**

Ескерту. 1-Қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2010.06.03 N 33/185 қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Шешімімен; 1-қосымшаның тақырыбындағы "жеке тұлғалар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар" деген сөздермен ауыстырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2011.09.27 N 47/276 Шешімімен.

Рет саны	Кәсіпкерлік қызметтің түрлері	Біржолғы талон құны (теңге)
1	Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):	
	1) газеттер мен журналдар	70
	2) тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материалдары (екпелер, көшет)	120
	3) бақша дақылдары	250
	4) саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдер	150
	5) қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшалық және саяжай учаскелерінің өнімдері	250
	6) жануарлар мен құстардың жемдері	300
	7) сыпыртқылар	250
	8) орман жидегі	250
	9) бал	250
	10) саңырауқұлақ	250
	11) балық	400
2	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	800
3	Үй жануарлары мен құстарын бағуды жүзеге асыратын қызметі	40

**Бәйдібек аудандық мәслихатының
2009 жылғы 17 ақпандағы
№ 16/95 шешіміне № 2 қосымша**

Базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондар құнының мөлшері

Ескерту. Шешім 2-қосымшамен толықтырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2010.06.03 N 33/185 (қолданысқа енгізілу

тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Шешімімен; 2-қосымшаның тақырыбындағы және оның 2-тармағындағы "жеке тұлғалар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар" деген сөздермен ауыстырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2011.09.27 N 47/276 Шешімімен.

Рет саны	Сауда (тауар) түрі	Біржолғы талон құны (теңге)
1	Базарларда тауарлар сату (базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (окшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда):	
	1) сүт және қышқыл сүт өнімдері	200
	2) ұсақ-түйек тауарлар сату	200
	3) көкөніс және жемістер	250
	4) ет және ет өнімдері	1000
	5) құстар мен аңдарды сату	100
	6) кеңсе тауарлары, парфюмерия	300
	7) кеңсе тауарлары	300
	8) ірі қара мал	200
	9) ұсақ мал	100
2	Базар аумағында жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар	150